


АҚШ-ТЫҢ ВАЛЮТАЛЫҚ РЕТТЕУІ

Орындаған : Тоқтамысова Диляра
Топ: В15фин-3


Кіріспе

- Америка Құрама Штаттарының ресми валютасы - бұл АҚШ доллары, халықаралық бизнесте төлем жасаудың әмбебап құралдары.
- АҚШ-тың банк жүйесі..
- ФРЖ-ның ұйымдастырылуы

АҚШ доллары туралы қызықты деректер



Маршалл
аралдары Сальвадор



АҚШ доллары

- Доллар номиналдары мақта мен зығырдан жасалады. Долларды басып шығаруда қолданылатын қағаздың 25%-ын зығыр, 75%-ын мақта құрайды. Бір банкнотаның салмағы — 1 грамм.
- Күн сайын 35 миллион банкнота басылып шығарылады. Жаңа басылған АҚШ долларының номиналдары күн сайын шығарылады. Неге мұнша көп ақша шығарылады деп ойларсыз? Себебі күнделікті орташа есеппен сонша номинал жарамсыз хәлге келеді. Басылатын 35 миллион дана номинал құны 635 миллион АҚШ долларын құрайды. Әйткенмен де, жарамсыз болып қалған номиналдардың барлығы айналымнан алынып тасталмайды. Сол себепті ақша айналымы үлкейіп, құнсыздану үдерісі жылдамдайды.

Ең жиі қолданылатын банкнота — \$1 Әлемдік нарыққа шыққан барлық банкноталардың жартысы 1 долларлық номиналдардан тұрады. Ал 2 долларлық банкноталар соңғы рет 2003 жылы басылып шығарылды. 2 долларлық банкнотада АҚШ Тәуелсіздік декларациясының авторы, үшінші президент Томас Джефферсонның портреті бейнеленген. Әрбір ақшада «In God We Trust» лозунғы жазылған «Біз құдайға сенеміз» жазуы америкалық валюталарда алғаш рет 1864 жылы басылған. Тек 100 жылдан кейін ғана лозунг банкноталарда міндетті түрде басылуы керек деген заң қабылданады.

Доллар жанасуға өте төзімді болып дайындалады. Қазіргі таңда шығарылатын доллар номиналы 4 мың рет майысқанға дейін жыртылмайды. Сонда да әрбір номиналдың жарамдылық мерзімі белгіленген. Мысалы, 100 долларлық номинал 5 жылға дейін қолданылады. Ал 20 долларлығы 25 ай айналымда жүреді. Номинал құны төмендеген сайын қолданылу мерзімі де азаяды. Себебі олар көбірек қолданылады. Сәйкесінше жарамсыз хәлге тез жетеді.

Томас Джефферсонның портреті бейнеленген.



Томас Джефферсон
(13.04.1743 жыл,
Шэдуэлл, Виргиния,
Британ империясы -
04.07.1826 жыл,
Шарлотсвилль, Виргиния,
АҚШ) - американдық
ағартушы және
мемлекеттік қайраткер,
АҚШ Тәуелсіздігі
Декларациясы
жобасының авторы[1],
АҚШ-тың 3-президенті.
Мамандығы - адвокат



XIX ғасырдың соңына қарай барлық шетел мемлекеттерде орталықтанған банк жүйесі қолданылды. Ал АҚШ- ң банк жүйесі орталықтандырылмаған, көптеген жеке ұсақ банктерден құралды.

1913 жылға қарай мұндай банктердің саны 20 мыңнан астам болды, олардың 7 мыңға жуығы ұлттық эмиссиялық банктер болды, ал қалған банктер болса өз штаттарының банкілік заңына сай қызмет көрсетіп, ақша эмиссиясы құқығын иеленбеді.


АҚШ-тың алғашқы акционерлік коммерциялық банкі 1782 жылы 7 қаңтарда ашылды.

Ал 1791 жылы 10 млн. доллар жарғылық капиталмен АҚШ- тың алғашқы Орталық банкі ашылды. Ол вексельдер эмиссиясымен айналысып, Қазынашылыққа қызмет көрсетті.

АҚШ банктік жүйесі

- АҚШ банктік жүйесі 1776 жылы өзінің тәуелсіздігін жариялаған күннен бастап пайда болды.
- АҚШ-та алғашқы банк 1791 жылы құрылған. Ол Конгрестен ақшаны эмиссиялау құқығын ала отырып, коммерциялық банктердің бірқатар қызметтерін қатар атқарған.
- “Орталық банктің құрылуы туралы” 1913 жылы қабылданған заңға сәйкес, осы уақытқа дейін жұмыс жасап отырған үш деңгейлі Басқарушылар кеңесінен, Федералды резервтік жүйеге мүше банктерден тұратын Федералды Резервтік жүйенің (ФРЖ) негізі қаланды.


АҚШ-тың Федералды Резервтік жүйенің басқару және ұйымдастыру қағидаларына қарай басқа дамыған елдердің орталық банктерінен ерекшеленеді



ФРЖ-ның құқықтық мәртебесі өзгеше, федералды резервтік банктер үкіметі және қаржы министрімен тығыз байланыста болғанымен, ол заңды түрде мемлекеттік институт болып табылмайды. **ФРЖ-ның басқару кеңесінің басты қызметі – ақша-несие саясатын дайындау**

ФРЖ-ның басқару кеңесінің басты қызметі – ақша-несие саясатын дайындау

Ашық нарықтағы операциялар бойынша федералды комитет ФРЖ-ның құрылғанына 20 жыл болғаннан кейін, 1933 жылы құрылды. Алғашқы жылдары комитеттің ашық нарықтағы бағалы қағаздармен жасалатын операциялары әр резервтік банк орналасқан жерде жекеше түрде жүргізіледі.



Бұл кеңестің мүшелері 1 жыл мерзімге федералды резервтік банктерден тағайындалады

ФРЖ-ның қызметтері:



ақша-несие саясатына,



алтынмен жасалатын
операцияларға,



банкноттарды
эмиссиялау және
шетел банктерінің
операцияларына
байланысты сұрақтар
жайлы қызмет
көрсетеді



ФРЖ операцияларын
12 федералды
резервтік банктер
жүзеге асырады.



Федералды резервтік банктер төмендегідей қызметтерді атқарады:

- • чектер бойынша қолма-қол ақшасыз есеп айрысуды (чектердің клирингін) жүзеге асырады;
- • айналысқа жаңа банкноттарды шығарады және айналыстан тозған ақша белгілерін алып отырады;
- • несиелік мекемелердің қосылу мүмкіндіктерін бағалайды;
- • резервтік округтар төңірегінде банктерге есептік несиелер береді;
- • ФРЖ мен бизнесмендер арасындағы байланысты жүзеге асырады;
- • штаттағы банктерді тексереді, округтердегі шаруашылық қызметтерінің жағдайлары туралы ақпараттар жинайды;
- • ақша-несие саясаты туралы мәселелер бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізеді және аналитикалық журналдар мен бюллетеньдер шығарады. Федералды резервтік банктер ақша-несие саясатын дайындауға қатынасады.

Назарларыңызға көп рахмет!!!



купипродай